ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім

2016 ж. III тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Негізгі даму үрдістері (3-бет)

II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)

III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)

IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)

V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)

VII. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (10-бет)

VIII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (12-бет)

IX. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (15-бет)

X. Композиттік индикатор (16-бет)

XI. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

ҚР НАҚТЫ СЕКТОРЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

2016 жылғы 3 тоқсанда әлсіз ішкі және сыртқы сұраныстың экономиканың нақты секторының жағдайына іскерлік белсенділігіне әсері жалғастыруда. 2016 жылғы 3 тоқсанында дайын өнімге сұраныстың төмендеу қарқыны жалғасты, шикізаттар мен материалдар бағасы өсті. Бағасы мен бағалық емес несиелендіру шарттарының нашарлауы байқалды.

Сонымен қатар, мұнай бағасының тұрақтандыруы және айырбас бағамы құбылмалылығының төмендеуіне байланысты теріс процестердің әлсіреуіне әкелді. Теңгенің АҚШ доллары, ресей рублі және еуроға қатысты бағамы өзгерісінің кері әсері төмендеді. Кәсіпорындардың өнімділігінің көрсеткіштері жақсарды:

- өндіріс көлемі өсті;
- қызметкерлерінің санын азайтпаған кәсіпорындардың үлесі өсті.

Нақты сектордағы негізгі үрдістер	
Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның конъюнктурасы	**Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін және өндірістің тиімділігін бағалау**
Дайын өнімге сұраныстың төмендеуі жалғасты ↓	Өндіріс көлемі өсті ↑
Шикізат пен материалдар бағалары өсу аясында ↓	Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі жақсарды ↑
	Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері жақсарды ↑
Кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайын бағалау	
Кәсіпорындардың өтімділік көрсеткіштері жақсарды ↑	
Рентабелділік көрсеткіштері нашарлады ↓	
Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындар үлесі азайды ↑	**Банк жүйесінің ықпалы**
Валюта бағамы өзгерістерінің ықпалы	Несие берілмеген кәсіпорындардың үлесі азайды ↑
Теңге бағамының USD, EURO және RR-не қатысты өзгерісінің теріс ықпалы азаюда ↑	Негізгі және айналым қаражатын несиелендірудің бағалық және бағалық емес шарттарының нашарлауы ↓
	Теңгемен несиелендірудің нақты және қолайлы пайыздық мөлшерлеме арасындағы алшақтықтың артыруы ↓

↑ - оң өзгеріс ↓ - теріс өзгеріс

ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

Тұтастай алғанда нақты сектор бойынша 2016 жылдың 3 тоқсанында сұраныстың төмендеуі жалғасты, диффузиялық индекс (ДИ) 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 46,9-мен салыстырғанда 47,6 тең. Тауарлар мен қызмет көрсету саласында да сұраныстың төмендеу қарқыны айтарлықтай бәсеңдеді (сәйкесінше 49,1 және 45,8-ға дейін). Тау кен өндіру саласында дайын өнімге сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда 43,7-ға төмендеді, өңдеу салаларында дайын өнімге сұраныс айтарлықтай өзгерген жоқ (ДИ=49,3).

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

Кәсіпорындар жауаптары, %		2015 ж.				2016 ж.			
		1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ.	1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ. күт.
Ұлғаюы	1	9.8	23.1	22.2	18.4	12.1	26.1	26.7	18.6
Өзгермеуі	2	43.2	46.0	47.1	45.1	47.0	48.0	49.9	37.4
Төмендеуі	3	47.0	30.9	30.6	36.4	40.6	25.8	23.4	16.8
Диффузиялық индекс = 1жол+0,5*2жол	4	31.4	46.1	45.8	41.0	35.8	50.2	51.7	50.9
ДИ маусымдық тазартылған*	5	36.9	43.2	42.3	41.0	42.3	46.9	47.6	50.9

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;

** 2016 жылдың 4-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтімдері келтірілген.

НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

2016 жылдың 3 тоқсанында нақты сектордағы дайын өнімге бағалар өткен тоқсанмен салыстырғанда баяулады (ДИ 56,3-ді құрады). Тау-кен өндіру және өңдеу саласында бағалар өсті (54,5-ға және 58,1-ға сәйкесінше). Шикізат пен материалдар бағаларының өсу қарқыны жоғары деңгейде сақталуда (ДИ = 74,6).

2016 жылдың 4-ші тоқсанында дайын өнім және шикізат бағасының өсу қарқыны баяулауы күтілуде (56,3-ден 54,4-ға және 74,6-ден 65,1-ға дейін тиісінше).

Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;

** 2016 жылдың 4-ші тоқсаны үшін күтімдер келтірілген.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

2016 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындардың өндіріс көлемінің жоғарылауы байқалды (ДИ = 53,0), сонымен қатар кәсіпорындар 2016 жылдың 4 тоқсанында өндіріс көлемдерінің ары қарай өсуін күтуде (ДИ = 50,5).

Кәсіпорындардың 2016 жылдың 3 тоқсанында өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі 90%-дан жоғары кәсіпорындардың үлесі 12,9%-ға дейін төмендеді, өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі 50%-дан төмен кәсіпорындардың үлесі 36,5%-ға дейін шамалы төмендеді.

Өндіріс көлемі (ДИ)
(50=өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріс жоқ)



Өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі
(% жауаптар)



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2016 жылдың 3 тоқсанында нақты сектор кәсіпорындары активтердің құрылымында қысқа мерзімді активтердің үлесі 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 33,8%-дан 35,9%-ға дейін өсті. Қысқа мерзімді активтердің құрылымында қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 43,7%-дан 40,3%-ға дейін төмендеді. 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 22,3%-дан 18,2%-ға дейін қорлар төмендеді.

Активтер мен айналым қаражатының айналымдылығы сәйкесінше 12,6% бен 35,0%-ға дейін төмендеді. Активтердегі айналым қаражатының үлесі өсті (35,9%-ға дейін).







БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 49,7%-дан 47,9%-ға дейін азайды. Меншіктік капиталдың үлесінің азаюын қарыз алулар арқылы орнын толдырды: ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 28,1%-дан 2016 жылдың 3 тоқсанында 29,3%-ға және қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 22,2%-дан 22,8%-ға дейін ұлғайды. Мерзімі өткен міндеттемелер бойынша жағдай шамалы жақсарды: мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындар үлесі 22,1%-ға дейін азайды. Пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың ішінде банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындар үлесі 3,8%-ды құрады.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 53,8%-дан 2016 жылдың 3 тоқсанында 56,2%-ға дейін ұлғайды, және де банк несиелердің үлесі іс жүзінде өзгеріссіз қалды (18,9%). Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі 2016 жылдың 2 тоқсанындағы 52,5%-дан 2016 жылдың 3 тоқсанында 56,7%-ға дейін өсті.









ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі 2016 жылдың 3 тоқсанында жақсарды: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 32,1%-ға дейін азайды және бұл мақсатта өзінің қаражатын пайдаланған кәсіпорындар 65,1%-ға дейін жоғарылады.

Айналым қаражатын толықтырудың негізгі көзі болып меншікті қаражат қалып отыр (83,3%). Бұл мақсатта банктердің несиелерін пайдаланатын кәсіпорындардың саны 2016 жылдың 3 тоқсанында шамалы өсті (15,4%-ға дейін).

Кәсіпорындардың қаржыландыру мүмкіндігін шектейтін негізгі факторлары болып қаржы-қаражаттың жеткіліксіздігі, өнімге сұраныстың жетіспеушілігі, ҚР-ның экономикалық жағдайы және басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестік табылады.





ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері 2016 жылдың 3 тоқсанында жан-жақты характерлі болды. Өндіріс көлемін төмендетпеген кәсіпорындардың үлесі 68,7%-ды құрады. Кәсіпорындардың 68,5%-ы еңбек өнімділігін төмендетпеді. Кәсіпорындардың 63,6%-ы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санын төмендетпеді.

2016 жылдың 3 тоқсанында нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділік коэффициенті өсуді көрсетті (1,6). Төмен өтімділік көрсеткіші (АӨК<1) бар кәсіпорындар үлесі 35,1%-ға дейін төмендеді, ал жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті төмендеді (1,9).





ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2016 жылдың 3 тоқсанында нақты сектор бойынша сатылымдардың рентабельділігі (салық салғанға дейін) төмендеді – 24,6% (2016 жылдың 2 тоқсанында 42,9%), бұл тау-кен өндіру өнеркәсібі мен кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте сатудың рентабельділігінің айтарлықтай төмендеуімен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы және өңдеу саласындағы сатылымдардың рентабельділігі өсті (2,3-ға п.п. және 0,6-ға п.п. дейін)

2016 жылдың 3 тоқсанында шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 22,5%-ты құрап өзгерген жоқ (2016 жылдың 2 тоқсанындағы 22,4%). Рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі 36,2%-ға дейін өсті (2016 жылдың 2 тоқсанындағы 35,9%-дан). Рентабельділігі орташа кәсіпорындардың үлесі 40,8%-ға дейін төмендеді (2016 жылдың 2 тоқсанында - 41,4%).

Сатудың рентабельділігі, %-бен



Сатудың рентабельділігінің деңгейі бойынша кәсіпорындардың жіктелуі



БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2016 жылдың 3 тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің несиелеріне сұранысы төмендеді.

2016 жылдың 3 тоқсанында банкке несие алуға өтініш білдірген кәсіпорындардың үлесі 21,9%-ға дейін төмендеді (2016 жылдың 2 тоқсанындағы 22,5%-дан). Несие алған кәсіпорындардың үлесі (оның ішінде бұрын ашылған кредит желісі бойынша кезекті транш алған) 17,2-ға дейін өсті (2016 жылдың 2 тоқсанында - 16,9%). Несиелер беруден бас тарту деңгейі төмендеді: несие берілмеген кәсіпорындардың үлесі 4,6%-ға дейін төмендеді (2016 жылдың 2 тоқсанындағы 5,6%-дан). Несие ала алмаған ірі кәсіпорындардың үлесі де 5,0%-ға дейін төмендеді (2016 жылдың 2 тоқсанындағы 6,0%-дан).

2016 жылдың 4 тоқсанында несие алуға ниет білдіріп отырған кәсіпорындардың үлесі 17,5%-ға төмендеді. Несиелерге қажеттілік – өңдеу саласындағы кәсіпорындарда төмендеді (24,4%). Тау-кен өнеркәсібінде несиелерге қажеттілік өзгерген жоқ, 7,8%-ты құрады.

Несиелерге сұраныс



Банктердің несие алуға кәсіпорындар берген несие алуға өтініштерін қарауы



**бұрын ашылған кредит желісі бойынша кезекті транш алған кәсіпорындарды ескере отырып*

Несие алуға өтініш берген, бірақ алмаған кәсіпорындар үлесі %-бен



БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2016 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындар айналымдағы және негізгі құрал-жабдықтарды несиелендірудің бағалық (несие бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (несиенің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарының нашарлауының баяулауын атап өтуде.

2016 жылдың 3 тоқсанында теңгемен несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылдық 15,2%-ға дейін өсті (2016 жылдың 2 тоқсанында 14,6%). Теңгемен несиелендірудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық жоғары деңгейінде қалды: қолайлы пайыздық мөлшерлемелер жылдық 9,4%-ды құрады. Теңгемен несиелендірудің нақты мерзімі өткен тоқсанмен салыстырғанда қысқарып, 18 ай болды, кәсіпорындар үшін несиелендірудің қолайлы мерзімі – 33 ай. Шетел валютасымен несие мөлшерлемесінің деңгейі 9,4%-ты құрап,өзгерген жоқ, кәсіпорындар үшін қолайлы мөлшерлемелер деңгейі 5,9%-ға дейін өсті. Шетел валютасымен несиелендірудің нақты мерзімі - 20 ай, қолайлысы - 35 ай (2016 жылдың 2 тоқсанында: сәйкесінше 26 және 32 ай).

Несиелеу талаптарының өзгеруі





Несиелер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2016 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындардың банктердегі несиелері бойынша борышының азаюы жалғасты: ДИ=47,2. Кәсіпорындардың активтері мен капитал өсу аясында: ДИ сәйкесінше 51,9 мен 53,9.

2016 жылдың 2 тоқсанында кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері шамалы өсті (ДИ = 51,1). Ірі кәсіпорындар үшін ДИ=52,1, шағын және орта кәсіпорындар үшін ДИ=50,8. Кәсіпорындар болжамы бойынша 2016 жылдың 4 тоқсанында депозит көлемдерінің өсуі күтілмейді (ДИ=50,0).





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2016 жылдың 3 тоқсанының қорытындылары бойынша теңге бағамының шетел валюталарына қатысты өзгерісінің жағымсыз әсерін бастан кешірген кәсіпорындар үлесінің азаю тенденциясы байқалды, бұл нақты сектор субъектілерінің еркін айналмалы айырбас бағамы режимине біртіндеп бейімделе бастауының көрсеткіші болып табылады. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгерісінен зардап шеккен кәсіпорындар үлесі өткен тоқсанындағы 49,0%-бен салыстырғанда азайып, 2016 жылдың 3-тоқсанында 43,3% құрады, ресей рубліне қатысты өзгерістен зардап шеккен кәсіпорындар үлесі 43,4%-дан 38,4%-ға дейін, ал еуроға қатысты 29,4%-дан 24,8%-ға дейін азайды.

2016 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындардың шетел валютасын қолданудың бөлінуі шетел серіктестерімен есеп айырысуда ресей рублін қолданған кәсіпорындардың шамалы артуын есепке алмағанда, жалпы өзгеріссіз қалды.

USD/KZT, жауаптар %-бен



EUR/KZT, жауаптар %-бен



RUB/KZT, жауаптар %-бен



Есеп айрысуда шетел валютасын қолдану

(валюталар %-бен)



КОМПОЗИТТІК ИНДИКАТОР*

2016 жылдың 3 тоқсанында экономиканың нақты секторындағы конъюнктуралық зерттеу нәтижелері бойынша композиттік индикатор 0,7-ды құрады. ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді трендіне қатысты (нөлдік белгі) өсу аясына көшті, сондай-ақ экономикалық белсенділіктің біртіндеп қалпына келуінің белгілерін көрсетеді.

2016 жылдың 3 тоқсанында өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тауарларды өндірумен және тұтынушылық мақсаттарға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарда сұраныстың өсуі байқалды. Атап айтқанда, оң динамыкасы саудада байқалды, онда өнім сұранысы 2014 жылдың соңынан бері бірінші рет өсті. Сонымен қатар, 2016 жылдың 3 тоқсанында тау-кен өнеркәсібі және кейбір қызмет секторында (ақпараттық және коммуникациялық, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар) сұраныс көрсеткіштері қысқару ауданында қалды.

Пікіртерімнің қорытындылары бойынша іскерлік белсенділіктің жақсаруына әсер еткен факторлардың арасында өндіріс көлемінің, экономиканың нақты инвестициялық қызметін жетілдіру. Сонымен қатар, респонденттердің пікірлері бойынша 2016 жылдың 3 тоқсанында несиелік белсенділік жақсарды (несие алған кәсіпорындардың үлесі өсті және несие берілмеген кәсіпорындардың үлесі төмендеді, кәсіпорындардың ұзақ мерзімді міндеттемелерінің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыз үлесі өсті). Мұнай бағасының 2016 жылдың 3 тоқсанында бағамы құбылмалылығы төмендеуіне, теңгенің АҚШ долларына және Ресей рублінің бағамының өзгерістердің теріс әсері азаюына байланысты, кәсіпорындардың шаруашылық қызметінде тұрақтандыруы түсіндіріледі.

2016 жылдың 4-ші тоқсаны бойынша респонденттердің күтуі, жеңіл баяулауына қарамастан, оң болып қалғанын атап айтқан жөн. Кәсіпорындар экономикалық жағдайдың одан әрі жақсаруын күтуде (КИ 0,5-ды құрады), бұған келесі тоқсанда күтілетін дайын өнімге сұраныс деңгейінің жоғары көрсеткіштері дәлел болып отыр.



* Композиттік индикатор іскерлік циклдің бұрылу нүктелерін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат ұсынады. Композиттік индикатор кәсіпорындарындардың ағымдағы және күтілетін жағдайына қатысты сұралған кәсіпорындардың басшылары көзқарасының жалпылама бағалауын білдіреді жыне нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар. Индикатор мен нақты ЖІӨ-ді (2005 жылдың орташа жылдық бағалары) есептеу барысында маусымдықтан тазарту және Ходрик-Прескотт әдісімен тренд жою жасалған. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған.

** 2016 жылдың 3-ші тоқсаны үшін КИ сауалнамаға қатысушы кәсіпорындардың күтімдері негізінде есептелген.

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің несиелері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ЖІӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і
2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісінің ДИ-і,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісінің ДИ-і; -
3) инвестициялық және несиелік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін несие алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда),
- меншікті қаражат пен банктердің несиелерінен бөлек негізгі құрал-жабдықтар мен айналмалы қаражатты қаржыландыру үшін басқа көздерді пайдаланған кәсіпорындардың үлесі;
- несие алған кәсіпорындардың үлесі,
- несие алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы несиелер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;
4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендемеген кәсіпорындардың үлесі;
5) кәсіпорындардың қызметіне теңгенің валюталық бағамының өзгерістері (АҚШ долларына, еуро және ресей рубліне) әсер ететін индикатор.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және статистика
департаменті